

ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

КӨКЕЙТЕСТІ

Ж.Илесі

Сойлеу мәдениеті

Тарих және біз

Ж.Әбдекілчиев

Ташкент тарихы

Көкейтесті

М.Шаханов

Тілсіздендіру анатомиясы

Әлем әдебиетінің классиктері

Т.Миура

Қызыл юбка

№10 2014



1959 жылы туган. Көкшетау университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. «Зобалаң», «Күн тұтылған мезгіл», «Естемес би», «Сүлеймен қарақышы», «Қараман қарақышы», «Дүрбелең» сияқты романдар мен хикаялардың авторы. Әңгімелері мен түрлі тақырыптағы мақалалары республикалық басылымдарда жарияланып тұрады.

Момбек ЭБДӘКІМҰЛЫ

ТАШКЕНТ ТАРИХЫ НЕМЕСЕ ҚАНИША ҚАЗАҚ ӨЗБЕККЕ АЙНАЛДЫ?

Өткен тарих бүгінгі саясаттың ығына қарай жығылып зерттелмеуі тиіс. Егер бұл бағытта саясат тұрғысынан еңбек етсек, тарихтың шынайы ақиқатын аша алмаймыз. Мәселен, бұрынғы дәуірлерде біздің арғы ата-бабаларымыздың тұп-қазық қоныстары – қазіргі Ресей құрамындығы Алтай өлкесінде, Монголия мен Қытайдың батыс облыстарында жатыр һәм олар аталған мемлекеттердің иелігіне айналған. Жылды баққан қазақтың омбы қар кешіп жүріп, «Омбы» деп атаған жерін сол орыстар басып алғанда – Омск боп, «Төмен» деп ныспылаған орманды алқабы – Тюмень боп, Томбы – Томск, Қорған – Курган, Орынбор – Оренбург, т.б. қалалар, өнірлер басқыншылардың «родной городтары» мен «родной крайлары» боп атап кеткендері де тарихтан мәлім. 1864 жылы қытай-орыс шекарасы белгіленген кезде қазақтың әлімсақ мекені – Тарбағатай мен Алатаудың шығыс тарапы еki алғып мемлекеттің жер бөлісу саясатының кесірінен Қытай жағында қалып қойды.

Көніл жабырқататын мұндай тарихи фактілер Кеңес одағы тұсында да көптеп орын алды. 1955 жылы Жоғары кеңестің қаулысымен Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданының жалпы көлемі 7049 гектар онтүстік бөлігі РСФСР-га қарасты Астрахань облысының Владимир ауданына берілді. Ал 1932 жылдың өзінде-ақ коммунистер ықылымнан қазақ жері болған, тұрғындарының жартысынан астамы қазақтар боп табылатын Қарақалпақстанды Өзбекстанға қосқан-ды. 1936-37 жылдары Өзбек КСР-ына уақытша берілген Мырзашөл каналының оң және сол жағалауларындағы 329 мың гектар жерді қазақ жазған со кезде-ақ уысынан шығарған. 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Киров, Келес, Сарығаш аудандарының онтүстік, онтүстік-

батыс бөліктерінен жалпы көлемі 421300 гектар жер Өзбекстанға бөлініп берілді. Ол аздай, 1956 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына қарайтын жер жәнннаты – Бостандық ауданын, 1963 жылы ұланғайыр алапты алып жатқан Киров, Мактарал, Жетісай аудандарын сол республиканың қарамағына өткізді. 1971 жылы соңғы үш аудан кері қайтарылғанымен, бір кездері оларға қараған орасан көлемдегі аумақ түгелімен бері өтпеді. Жызақ маңындағы құллі Мырзашөл аймағы өзбектерге қалып қойды да, олар сол өнірлерден жаңадан екі облыс, ондаған аудандар ашып алды. Ал тұрғындарының 95 пайзызы қазақ боп келетін Бостандық ауданы жат елдің құрамында мәңгілік қалды.

Бұл – қазіргі жүрттың көбі билетін ағы тарих. Десек те, осы өнірге қатысты бүгінгі базбір тарихшылар мен кейір білімпаз жандар болмаса, жалпы жүрттың бәрі бірдей біле бермейтін тағы бір сырлы тарих бар. Ол – Ташкенттің қазақтың көне шаһары екені, оның өнірі қазақ жері болғандығы жайында айтылмай жүрген сыр.

Әлбетте, Ташкентті қазактар тұрғызған деп кесіп-пішип айтпаймыз. Оның негізі түркі тектес халықтардың әрқайсысы өз алдарына үлт болып қалыптаспай тұрғанда қаланған. Заманымыздың басында Сыр мен Шырышқ алабын жайлаған қаңылшылардың бір тармағы сол кезде сұы мол Салар бұлағының бойында үйлері ылғы таспен қаланған қыстак тұрғызған. Уақыт өте келе, ол қыстак үлкейіп, Тастыкент (Тасты қала) атанған. Осы Тастыкент атауы алға озған заманының тілдік үйлесімділігіне орай – Таскент, кейін қарлук диалектісіне сай Ташкент боп қалыптасқан.

Кейір жазбагерлер Ташкенттің байыргы атауы Шаш болған деп шатасып жүр. Шаш – Ташкенттің



іргесінде болған басқа көне қала. Ол Шыңғысхан шабуылы кезінде қиратылған. Шаш қиратылған соң оның тұрғындарының көпшілігі одан он-он бес шақырым жерде орналасқан Ташкентке орнықкан. Осы себепті Ташкентте халық көбейіп, көлемі кеңседі. Ақсақ Темір дәүірінен кейін оның солтүстік бөлігі бұрынғы Шаш қаласының орнына дейін жетеді. Сөйтіп Шаш атауы бірте-бірте ұмытылып, Ташкенттің аты жаңғыра бастайды.

Ташкент XIII-XV ғасырларда қолдан-қолға етіп, біресе Шагатай ұлысына, біресе Ақсақ Темір әулеттеріне қараған. XY ғасырдың екінші жартысында, яғни Қазақ хандығы жаңа құрылыш жатқанда, ол – Моголстан хандығының шаһары болатын. Халқының дені сол заманнан 12-16 ғасыр бұрын (б.з.б. 2-ғасыр мен б.з. 3-ғасыр аралығы) бүкіл Сыр бойы мен Фергана жазығында жеке мемлекет құрған қанлы жұртының ұрпактары еді. Керей мен Жәнібек казақ хандығының туын алғаш көтергенде өздерімен ілесіп келген және де орда тіккен Шу бойындағы рулар болмаса, басқа жақтағы ру-тайпалар бірден олардың жанына үйіса қоймағаны секілді, Ташкент маңындағы қанлылар да әп дегенде Алаш ұлысына қосыла қойған жоқ. Бұл кезде Ташкенттің айналасында арғы да, бергі де тегі қазақ боп есептелең өзге рулар да көп-ті. Бірақ олардың бәрі қанлымен қатар тағы бір ұлken топ – қатаған-шанышқылардың көленкесінде қалып, аттары онша шықпайтын.

Керей мен Жәнібек жеке елдің отауын көтергеніне он жылдан аса уақыт өткенде, нақтысы, 1468 жылы бұрынғы Алтын Орданың шығыс бөлігіндегі Көк Орда атаптады ұлыстың билеушісі Әбілхайыр өзінен бөлініп кеткен қазақ жұртын шауып алу мақсатымен қисасыз әскер ертіп, Шуға қарай аттанады. Әбілхайыр Сырдың төменгі ағысымен бойлай жүріп, Созак шегіне жеткенде аялдайды да, Моголстан билеушісі Жұніс ханға бағынышты болғанымен, одан дербестік алуды ойлап жүрген Ташкент қанлыларына «Қазақтарды бірлесіп шабайық» деп жауашы жібереді. Алайда қанлы-шанышқылар бұл аттаныска ермейді. Осы бір тарихи деректі өзбек тарихшылары былай деп сипаттайтын: «Ол кез – Моголстан билеушілері өзара қырқысқа түсіп, ұлыс бірнеше бөлікке бөліну жолына түсken уақыт еді. Қанлылар да Ташкент аймағын жеке үәләйт етуге әрекет етіп жатқан. Осы себепті қанлылар Әбілхайырдың айтқанына жүрmedі». Анығында қанлылар Әбілхайырга еріп, тұбі бір туыс ел – қазақтарды шабудан бас тартқан.

1487 жылы Моголстан ханы Жұніс қайтыс болғаннан кейін Ташкент аймағы үшін Жұніс хан ұрпактары мен Темір әулетінің арасында үздіксіз соғыс басталады. Бұған үшінші жақтан бұл өнірді көптен бері басып алуды жоспарлап жүрген Мұхамед Шайбани араласады. Ол Жұніс хан ұрпактарымен келісімге келіп, 1470 жылы қазақ ханы Керей барлық өлкелердегі тегі Алаш боп келетін руларды өз ордасына қаратып алу мақсатымен басып алған

Созак пен Сауран қалаларына шабады. Көп ұзамай Жәнібекten кейін хан болған Бұрындық Сырдың сол жағалауындағы қалалардың барлығын казаққа қайта қаратады.

XV ғасырдың аяғында Түркістанның батыс бөлігін қайтадан шайбандықтар басады. Ал Ташкент өнірі мен Сауран қаласының маңы қанлылардың көмегімен билік басына келген Жұніс ханың ұрпағы Махмұд сұлтанның күзырына өтеді.

1530 жылдары Ташкент шайбандықтарға да, Моголстан билеушілеріне де бағынбайтын қанлы-қатағандар иелігіне айналады. Содан 1567 жылы Бұхар хандығының тарихында ең құдіретті хан бол есептелең екінші Абдолла басып алғанша, бұлар дербестікте болады. Бірақ осы 37 жыл ішінде қанлы-қатағандардан қандай билеушілер шыққаны жөнінде ешбір тарихи дерек жоқ.

Абдолла Ташкентті алған соң оған өзінің туысы Баба Сұлтанды билеуші етіп тағайындаиды. Билік қолына тиген Баба Сұлтан қанлы-қатағандардың ержүрек һәм мол әскеріне сүйеніп, арада көп уақыт өтпей-ақ, Абдолладан теріс айналады және Ташкент аймағын жеке хандық деп жариялайды. Абдолла оған карсы екі-үш мәрте ләшкөр аттандырады. Бірақ женеліс табады. Осыған масаттанған Баба Сұлтан енді қазақ иелігіндегі Түркістан өлкесіне шабуылдайды. Қазақтың сол кездегі ханы Хакназар Абдолламен келісімге келіп, оның көзін жоймакқа кіріседі. Өзінің тығырыққа тірелгенін сезген Баба Сұлтан дереу қулыққа басады да, Хакназарға жауашы шаптырып, бейбіт шартқа отыруға ұмтылады. Сонымен бірге өзі басып алған Түркістан өлкесін у-шусыз қазақтарға қайтарады, сондай-ақ Абдолла ханды бірлесіп шабуға Хакназарды көндіреді. Бұрынғы хандар сияқты қалайда Ташкент өніріндегі қазақ руларын Алаш ордасына косуды армандаған һәм Бұқар ханың әлсіретпейінше бұл арманға жету ауыр болатынын білген Хакназар оның ұсынысына колдау көрсетеді. Сөйтіп ол Ташкентке әскерімен алансыз барады. Бірақ алдамшы Баба Сұлтанның жendetтері Шыршық бойында түнемелікке түскен хан шатырына тұтқылдан шауып, Хакназарды өлтіреді.

Хакназарға опасыздықпен ажад құштырған Баба Сұлтан қайтадан Түркістан тарапты жаулады. Қазақ билігін қолына алған Шығай хан онымен аяусыз күреске түседі. 1582 жылы Тәуекел бастаған қазақ сарбаздары Түркістан түбінде оның айтулы ләшкөрінің тас-талқанын шығарады. Баба Сұлтанның басы кесіледі. Бұған разы болған Абдолла Шығай мен Тәуекелге Ходженд қаласын, Зарафшандарғы Адыркент аймағын сыйға тартады. Дегенмен Тәуекел хан сайланғанда Ходженд пен қазақ даласын бөліп түрған, ілкі заманнан қазақ рулары жайлаган, тұрғындарының бәрі Қазақ Ордасына бүйрекі бұрыс, өзінен бұрынғы хандардың дерлігі бауырына басуды армандалап өткен, сауда ісі мен колөнері дамыған Ташкентті Алаш жұртының құрамына қосуды



ойлайды. Алайда ол үшін құдіреті күшті Абдолла ханмен текетіресу керек. Бірақ тәуекелсіз мақсаттың орындалуы екіталай.

Тәуекел өз әскерінің айбындылығымен қатар Ташкент, Шахрухия (бүтінгі Тойтөбе), Ходженд маңындағы қазақ руларының өзіне көмек көрсететініне сенеді. Осы сеніммен 1588 жылы аталмыш аймақтарға жорық бастайды. Расында, «Тәуекел Бұқарға соғыс ашқанда Ходженд, Шахрухия, Әндіжан төнірегіндегі баяғы Мұхамед Шайбаниға еріп келген керей, найман, қыпшақ, қоңыраттар, Ташкенттегі қанлы-қатағандар, дулат-сіргелілер қазақ жағына шығып кетті» деп өзбек тарихшысы Н.Икрумов жазғандай, Тәуекелдің жорығы сәтті шығып, аталған жерлер қазактарға өтеді. Осы тараптағы қауіпсіздікті біржолата орнықтырып кету мақсатымен Тәуекел жорығын ары қарай жалғастырып, Абдолланың жеңілмейтін делинетін әскерін ұрыстың бар даласында тұқыртып, Самарқан мен Бұқар қаласына дейін жетеді. Бұқар түбінде өзі ауыр жараланады. Осыған және бұқарлықтардың бітім туралы жасаған ұсыныстарына байланысты әскерін кері қайтарады. Бұл бітімнің негізінде Ташкент қаласы бүкіл үәләятімен, Ферғана жазығының солтүстік бөлігі Қазак Ордасының құрамына кіреді.

Сонау Керей-Жәнібектен бастап соңғы ханымыз Кенесарыға дейінгі қазақ билеушілерінің қайсысының болmasын, тарихы мен іс-әрекетіне зер салсаныз, ешқайсысының да жат жерді, бөгде елді жауап алуды ойламағанын, сол жолда соғыс жүргізбегенін байқайсыз. Өзінің төрт жуз жылға таяу тарихында қазақ хандары өз жері мен елін корғау мақсатында сыртқы басқыншыларға қарсы айқасумен өткен. Жат жерге басып кірген жаңа біз жоғарыды айтқан Тәуекелдің, сол бұқарлықтармен жылорда жыл ұдайы соғысып, ылғи жеңіске жеткен Есім мен Тұрсын хандардың жорықтары ғана. Дегенмен бұлар көбіне қарсы шабуылға шықты және есте жоқ ескі заманнан қазақтар жайлайған, Алаш ұлының атамекені болған жерлерге иелік етуге талпынды һәм басынған жауды қайта бас көтермestей күйретуді жоспарлады. Десекте, бұрынғының ақылман хандары аманаттан қалдырган, бекітіп берген талай-талай қала-шаһарлардан, дала-алаптардан кейін күш-куатымен қатар береке-бірлігі азайған, түрлі шапқыншылықтардан зәрезап болған, оған қоса, ғасырлар бойы сыртқы елдер тарапынан жасалынған қысым мен саясаттың, кейде баққұмар төре-сұлтандардың елдік мұрраттан гөрі жеке бастың мұддесін көбірек ойлайтын таяздығы кесірінен рухы темендең жазған қазақ мәжбүрлі-мәжбүрсіз түрде айрылып қалды.

Ежелден шығыстан батыска, онтүстікten солтүстікке кіре тартқан керуендер жолының торабы, бір кездері ұлы Жібек жолының кіндік тармағы атанған, қай заманда да Орта Азияда стратегиялық һәм экономикалық маңызы аса жоғары болған, ал уақыт өте бүкіл бір географиялық аймақтың орталығы санала бастаған Ташкентті иелену – кімге

болмасын, басты мұррат болғаны тарихтан мәлім. Тәуекелден кейін бұқарлықтармен үздіксіз соғыс жүргізген Есім ханның жорықтары да көбіне-көп осы Ташкентті қорғау мұддесінен туындаған. Бірақ Есім хан иеріп отырған аймақ тым байтақ еді. Сол байтақ жердің ең қауіптісі, өзбек хандары түгілі сонау Иран шахтары да көз қадап отырған сол Ташкент үәләяттын. Сондыктан жан-жақтан жау қысқан қазақ жерін қорғау жолында бір тыным таппай, бірсесе шығыска, бірсесе батыска аттанатын Есімге Ташкент тарапты мекем үстап тұру үшін ол шаһарға бір сенімді адамды бек етіп кою керек болыпты. Ол бұл лауазымға өзінің туысы Тұрсынды таңдаңты. Тұрсынның кезінде Ташкентте қанұлыштардың дәрежесі төмендеп, үстем орынға қатағандар шықкан болатын. Міне, осы қатағандардың бек-оғландарына арқа сүйеген ол, 1624 жылы Шахрухия түбінде өзінен жеңілген Бұқардың Имамқұлы ханымен келісім жасасып, Ташкентті жеке үәләят, ал өзін хан деп жариялады. Көп ұзамай Ташкентте өз атынан теңге шығарады, Есімнің Шығыс Туркістанда жүргенін пайдаланып, Туркістан, Сайрам қалаларын шабады. Оның бұл әрекеті – жер аумағы біршама айқындалып, тегі бір жұрттың бір ұлтқа, яғни казаққа біріккен кезде елді екіге жарып, алауыздық тудырған кешірілмес опасыздығы еді. Бірақ ұлт ұйытқысын бұзған сатқынға қашан да зауал табылған. 1627 жылы Есім хан оның басын наизаға шаншиды, оған жақтас қатағандардың тоз-тозын шығарады. Ташкентке хәкім етіп, қанлы Бақтышты (өзбектер Пахташ деп жазған) тағайындауды.

Міне, осы Бақтыштан бастап 1784 жылға дейін Ташкент қазақ билерінің иелігінде болды. 1720 жылы оның тағына ұлы жүздің ханы Жолбарыс отырды. 1729 жылы Ташкентті қалмақтар алғаш рет жаулады. 1731 жылы оны қазақтар азат етіп алады. Дүрбін-ойраттың екінші шабуылы 1735 жылы іске асады. 1739 жылы қазақтар қайтадан өздеріне қайтарады. 1740 жылы қалмақтарға сатылған Ташкенттегі аз ғана сарттар мен қырғыздардың тобы Жолбарысқа у беріп өлтірді. Сол жылы Абылай сұлтанның колдауымен қала билігі Төле бидің қолына көшеді. Осы жылы күзде қалмақтар шаһарды үшінші рет басады да, өздеріне жақтас қырғыздар арасынан Қөкім дегенді қала биі етіп қояды. Қөкімнің билігі алты айға да жетпейді. Оны Төленің туысы Бәйтік өлтіргенімен, ондағы қалмақ билігі төрт жарым жылға созылады. Қазақтар тек 1745 жылы ғана оларды қаладан түпкілікті қуады.

Осы жерде мынадай сұрап туындауды: егер Ташкент әлімсақтан өзбектердікі болса, неге олар қалмақтармен соғыспайды? Өзбек тарихында өзбек-қалмақ соғысы деген дерек атымен жоқ. Қалмақтар Ташкенттен асып, Ферғана жазығының солтүстігіне бір рет барған. Осы соғыс қана қоқан-қалмақ шайқасы делиніп, аз ғана дерекпен кейінгі өзбек тарихына енген. XVIII ғасырдағы Қоқан beginiң хаткерлерінің



өздері жазбаларында «Ташкент тараптағы қазақ жерінде қыпшак-қазақтар мен қалмақтардың жойқын соғысы жүріп жатыр» деп бірнеше мәрте жазады. Тіпті Ташкенттің ХVІІІ ғасырдың бірінші ширегі мен XIX ғасырдың алғашкы жартысындағы кезеңінің тарихын тәтпіштеп жазған Мұхамед Салық Ташкандидің «Тарихи-жәдиде-Ташкент» атты еңбегінде де атапмыйш шаһар үшін қалмақтарға қарсы тек қазақтардың соғысқаны туралы жазылған.

1745 жылдан кейін Ташкент билігі Төле бидің қолына толық қошеді. Ташкенттен бастап сонау Жетісуға дейінгі қазақ жері қалмақтардан азат етілген осы кезден байлайғы уақытта жерге таласудан туындаған қазақ-қырғыз қақтығысы белен алады. Төле ғұмырының соңына дейін жеті сайын қайталанатын осы қақтығысты реттеумен күн өткізеді. Өзі өмірден өтер алдында «Мәйітімді осындағы Шайхантәуір әулиенің жанына жерлендер. Бейітім – Ташкент қазақ жерінің төрі екенін оған таласып жүргендеге білдіріп жатсын» деп өсietтейді. Төленің қаупі бекер емес екен. Ол қайтыс бола салысымен, шаһарда сол тұста әжептеуір қебейіп қалған өзбектерге тілімен де, түр жағынан да сінісе түскен Шагатай, Жошы, Хажы-Тархан әүлеттері мен Қоқан хандығына арқа сүйеген сарт-кашғарлықтар тобы арасында билікке талас басталады. Бірақ Төленің орнына шаһар begi сайланған оның кенже ұлы Қожамжар алғашкыда оларға дес бермейді. Алайда қала ішіндегі тартыстармен катар, сырттан ұздіксіз соккан қырғыз бен Қоқан шапқыншыларының қаупі күннен-күнге арта түседі. Қожамжар Абылай сұлтанинан көмек сұрауға мәжбүр болады. 1765 жылы Арқадан Абылай көп қолмен келіп, Піскент жағасында Ташкентке бағыт алған Қоқан қолын тас-талқан етеді. Ташкентте бас қөтерген бүлікшілердің көсемдерін жазаға тартады.

Абылай өлген 1781 жылдан кейін шаһар билігі үшін талас-тартыс қайтадан өршиді. Қорытындысында, Ташкент төрт бөлікке бөлініп, әрқайсының бір-бір билемші билейтін, атап айтқанда, Қожамжар билейтін – Шайхантәуір, Хажы-Тархан әүлеттеріне қарайтын – Бесагаш, Жошы ұрпақтарының иелігіне откен – Сибзар, Шагатайдан тарағандардың үлесіне тиген – Көкше сияқты төрт камалға айналады. 1784 жылы бұрын Төленің, кейін Қожамжардың сарайында даруғалық жасаған Жұнісқожа деген қашғарлық үйір бас қөтеріп, Қоқан бектерімен жасырын келісім жасаудың арқасында бір-ақ зеңбіректі бес мындық қолмен алдымен Шайхантәуір, одан соң басқа камалдарды басып алады. Төрт қамалды бұздырып, бүкіл Ташкентті қоршайтын биіктігі 4-5 құлаш келген, аумағы 16 шақырымдық жаңа корған салдырады.

Шайхантәуір билігінен айырылған Қожамжар Ташкенттен 20 шақырым жердегі Төленің жазғы конысына барып жайғасады. Ұзақ жыл шаһар билігін қайтарудың жолын іздел, Жұнісқожамен талай рет шайқасады. 1798 жылы Қоқаннан қосымша күш алдырған Жұнісқожа Қожамжар бастаған қазақтарды

Ташкент маңынан біржолата аластатуды ойлап, үлкен соғысқа кіріседі. Алдымен қазақ ауылдары үстіндегі Шымған тауының екі жырасының тубінен ағатын езенниң жоғарғы жағын таспен бөгеп, өте үлкен екі шатқалдың арасын суға толтырады. Су аса аумақты екі жыра-шатқалдың кемеріне келіп толғанда, бөгесін тастар оның қысымына төтеп бере алмай, бірден бұзылады. Содан орасан жылдамдықпен ылдига жылжыған алапат сел төмөндегі қазақ ауылдарын басады. Селден аман қалып, жағаға шыққандарын қаруын кезеніп дайын түрған жау шеріктері қырады. Жұнісқожаның зұлымдығы соншалық, сонда өлген қазақтардың бастарын кескізіп, тау қылып үйгізеді. Жұнісқожа со жолы неше мындаған қазақтарды қырып, Қожамжарды Қазығұрт етегіне қөшіріп жіберсе де, ол маңнан қазақ атаулының бәрі түп көтеріліп қөшіп кетпеді. Ташкент маңымен қоса, Бегабад, Піскент, Жызақ шегінде қалған 500 жұз мындей қазақ оған бас иіп, бағынады.

1806 жылы Ташкентті қокандықтар жаулап алады. Шаһар мен оның айналасына Ферғана жақтан өзбектерді қөшіріп әкеп орналастыру – осы кезеңнен бастап колға кattы алынды. Қокан хандары Ташкент түгілі қазақ жерін билеген 55 жыл ішінде өздері басқан Шымкент, Түркістан, Иқан, Сайрам, Әулиеата, Созак қалаларына әз жерлерінен мындаған өзбектерді қөшіріп әкелді және барлық тарапта өзбек тілі мен ұлтын үстем орынға шығарды. Соған карамастан Ташкенттегі медреселер мен мешіттердің қебінде дін окулары қазақша оқытылды, түрлі діни насиҳаттар, ұғыздар қазақ тілінде жүрді (Асат Сапиев, «Ходженд үзляяты: қазақтар һәм тәжіктер» 55-бет. Ташкент, 1926 жыл).

1865 жылы Ташкентті орыстар бауырына басты. 1867 жылы Түркістан генерал-гуернаторлығы құрылып, ол бес облыска бөлініді. 1887 жылы жүргізілген санакта Қокан кезінде жергілікті қазақтарды өзбектерге ассимиляциялау жүйесі карқынды жүргізілгеніне карамастан, Ташкент пен оның айналасындағы уездер халқының 53 пайызы қазақтар, 15 пайызы құрамалар (олар да қазақтар) қалғандары өзбектер мен тәжіктер болды. 1918 жылы қантарда мұнда кенес өкіметі толық орнап, сол жылдың 30 сәуірінде кеңестер съезі РСФСР құрамына кіретін Түркістан кеңестік автономиялық республикасын құру туралы қаулы қабылдады. Түркістанның батыс жағында кенес саясатын мойындаған Бұқара мен Хорезм халық республикалары құрылды. 1920 жылдары осы екі республикада 250 мынға таяу қазақ болды. Түркістан жаңа социалистік қоғамға негізделген республика болса да, оның құрамында бұрынғы патша заманындағы – Сырдария (қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Ташкент облыстарының аумағы), Жетісу (қазіргі Алматы облысы), Самарқан, Ферғана, Закаспий (қазіргі Түркмен мен Қазақстанның Маңғыстау өлкесі) облыстары сақталынып қалды. 1917 жылғы санақ бойынша, Сырдария облысында



— 1 миллион 405 мың, Жетісу облысында — 310 мың, Ферғана облысында — 391 мың, Самарқанд облысында — 125 мың, Закаспий облысында — 95 мың, барлығы — 2 миллион 701 мың қазақ болған. (К. Р. Аманжолов, «Түркі халықтарының тарихы», 258-бет. Алматы, 2005 жыл). Эйтсе де, бұл нақты дерек емес. Ол кезде шалғайдағы және тау қуыстарындағы ауылдарда отырған қазақтардың бәрін санақта енгізуге мүмкіндік пен жағдайдағы да болмағаны айқын. (Бар мүмкіндігі мен озық технологиясы бар осы заманның өзінде Қазақстандағы және шет елдердегі бүтінгі қазақтардың нақты санын біле алмай отырған жоқызы ба). Қазіргі Өзбекстан жеріндегі қазақтардың ХVIII-XIX-ғасырлар мен XX-ғасыр басындағы тарихын тәгіштеп жазғаны себепті жергілікті ұлтшылдардың қаһарына ұшырап, 1926 жылы құзде Шыршықта у беріп өлтірілген өзбек тарихшысы (ұлты тәжік) Асат Сапиевтің «Ходженд үәлаяты: қазақтар һәм тәжіктер» атты кітабындағы мәліметтерге дең қойсақ, 1925 жылы Өзбек КСР-ындағы (бұл кезде түрғындарының деңі қазақтар болып табылатын Сырдария мен Жетісу облыстары Қазақ АКСР-ына қосылып кеткен) қазақтардың саны 2,5 миллион болған. Бұл қазақтардың бәрі кейін қайда кетті? Жә, бұл жайында сәл кейінрек.

...Кеңестік Түркістанға алғашқыда орыс коммунистері жетекшілік жасағанымен, кейін қазақтан шыққан белгілі тұлғалар басшылық етті. Бұл жылдары Ташкентте ел басқарған, ғылыми мекемелер мен жоғарғы оку орындарында қызмет еткен қазақтардың саны өзбектер мен басқа ұлттардан әлдекайда мол болды. 1920 жылдардан кейін аттары алысқа кеткен қазақ зияяларының басым көпшілігі осы Ташкентте оқыды немесе қызмет жасады. Мұнда «Түркістан үәлаяты», «Ақжол» сынды алғашқы қазақ газет-журналдары шықты.

1924 жылдың 16 күркүйегінде Түркістан ОАҚ-інің төтенше сессиясы қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз еңбекшілері бұқарасының әр ұлт өз республикасын құру керек деген талап-тілектерін орындау мақсатында арнайы қаулы қабылдады. Қаулы ұсыныс ретінде Мәскеугежөнелтілді. Солжылдың 14 қазан күні РСФСР БОАК-і атальыш қаулыны макұллады. Осылайша, Түркістан, Бұқар және Хорезм республикаларына қараған жерлерде ұлттық-мемлекеттік межелу, яғни әр ұлтты тұратын аумақтарына байланысты одактас республикаларға айналдыру саясаты іске асты. Осының нәтижесінде Түркістан республикасының батыс аймағын тұтасымен және Бұқар мен Хорезмнің айтарлықтай бөлігін қамтыған Өзбек КСР-ы, Бұқардың түрікмендер тұратын аймағын иеленген Түрікмен КСР-ы, Өзбекстан құрамына кіретін Тәжік АКСР-ы, РСФСР құрамына кіретін Қырғыз автономиялы облысы құрылды. Сырдария мен Жетісу облыстары мен Қарақалпақ автономиялы облысы Қазақ АКСР-ына берілді.

Осы кезде Ташкент қаласын қазақ пен өзбек республикаларының қайсысының құрамында қалдыру

мәселесі жөнінде екі ұлт арасында үлкен дау туды. Өзбек коммунистерінің жетекшілери Ташкенттегі өзбектердің санын жасанды түрде көбейтіп, «Қалада басқа ұлттарға қарағанда өзбектердің саны әлдекайда басым. Сол үшін де Ташкент өзбектікі болуға тиіс» деп Орталық Комитетке хат жазған. Ол хаттағы мәлімет бойынша, Ташкенттегі қазақтардың 40 пайызға жуығы өзбек санатына кіріп, олардың саны мейлінше арттырылған.

Расында сол жылдары шаһарда тұратын қазақтар қандай жолмен өзбектер санатына кіріп кетті немесе олар қалайша өзбек боп жазылды? Міне, бұл — әлі күнге дейін айтылмай келе жатқан, көзі ашық деген жүрттың бәрі билетін, бірақ ауызекі әңгімеден әрі аспаған, ешқандай хатқа түспеген, зерттеу нысанына айналмаған ашық ақықат. Тіпті сорлы ақықат десек те болады. Біздің елдің қонекөз қариялары айтатын: «Өзбек республикасы құрылар алдында қаланы өздеріне қалдыру үшін Ташкент билігі шаһарда тұратын қазақтарды зорлықпен «ұлттым өзбек» деп жаздырған. Соның кесірінен ондағы қазақтар демнің арасында басқа ұлт болып шыға келді».

Бұл — жастық шақтарында Тәшкентте болған немесе оған таяу тұрған ауылдардың көзі қарақты жалпы карттарының әңгімесі-тұғын. Біздің елде шайырлығымен қатар әңгімешілдігімен де аты жүрт жадында сақталған әкемнің ағасы Садық атамнан қалған мынадай сөз бар: «Жасым жыырмадан асып, Шымкент үйеziнде істейтін бір қазақ бастықтың көшірі болып жүрген кезім. 1924 жылдың күзінде үйеzi бастықтарының бәрі абыр-сабыр болып, вокзалға баратын болды. Мен бастығымды екі мықты ат жегілетін әдемі пәуескемен тасушы едім. Вокзалға бара жатқан жолда бастығымнан «Мұнда біреуді күтіп аламыз ба?» — деп сұрадым. Ол: «Ташкенттегі Рысқұлов деген үлкен бастығымыз осыдан бір айдай бұрын Мәскеуге кеткен еді. Сол кісі қайтып келе жатыр. Оның неге Ташкентке бірден тартпай, мұнда келе жатқанының мәнісін білмеймін. Осында бір күн болады екен де, ертең Ташкентке аттанбақ. Айтпақшы, үйеzi бастығы ертең Рысқұловты Ташкентке осы пәуескемен сені жеткізеді деп шешті. Бұрын ол шаһарға талай барғансың әрі төте жолды жақсы білесің фой-ә» — деді.

Ертесіне таң азанымен үйеzi кеңесінің алдында Рысқұлов менің пәуескеме отырды. Өзі кап-қара кәстүм киген, қысқа мұртты, әйнектері дәү көзілдірік таққан сыптай адам екен. Бізден бірге он шақты қарулы мілісілар жүріп отырды. Жолда екі-үш жерде аял қылып, Тәшкентге кеш бата жеттік. Жолай маған көп әңгіме айтты. Тілге жүйрік, өте саналы екені көрінді. Шаһарға таяғанда: «Сенің тұнгі қоналқы жайынды мынау артта еріп келе жатқан мілісілар көрсетеді. Ертең сағат онда Түріккенестің алдында үлкен жиналыс болады. Соған қатыс. Оған Мәскеуден келген зор дәкейлер де қатысады. Не әңгіме болатынын естисің» — деді.



Азанда уш қабатты, аумағы өте зор Түріккенестін алдындағы атшаптырым аланға саны есепсіз адам жиналды. Қарасам, жиналғандардың бәрі – кілен өзбектер. Бұл қалада олардан гөрі қазактардың көп тұратынын білетінмін. Соған қарамастан жиынға неге тек өзбектер жиналғанының мәнін түсіне алмадым. Бір кезде Түріккенес үйінен шырттай күнгөн оннан аса кіслер шықты да, алаңың бас жағында тақтайдан жасалған биік нар үстіне жайғасты. Арапарында уштөрт орыс, кеше менімен бірге келген Рысқұлов және тағы бір қазақ бар. Қалғандарының бәрі өзбектер. Сол өзбектердің арасынан бір көзілдірікті кісі тұрып, бүгінгі жиында қаралатын мәселені халықтың талқысына салу үшін қалалық кенес Тәшкендерін осыншама жұрттың әдейі жинағанын айтты. Одан соң жүртты Өзбек республикасының құрылуымен құттықтады да, бірден талқыланатын мәселеге көшті. Ол әп дегендә-ак Тәшкенде өзбектердің көп тұратындығын, сол үшін де бұл шаһар Өзбекстанға өтуі керек дегенді айтты. Жиналған жүрт: «О, яшан, жұдаям жун суз! Жұдаям туғры суз! Тошкан хақи узбактікі!» деп әлгіні айқайлай қошеметтеп, қол шапалактап кетті.

Одан кейін биір нарда отырған тағы екі-үш өзбек сөйлемі. Бәрі шаһарды өзбектікі деп өзуереді. Олардың әрқайсысы сөйлеген сайын пәste тұрган сарттардың тобы гу-гу етіспі, қайта-қайта қошемет пен қолдау көрсетті. Ең соңғы сөйлеген өзбек дәкейінің: «Түркістан үкіметінің бұрынғы бастығы мына отырған Рысқұлов жолдас «Тәшкен бұрыннан қазақтың қаласы. Сондыктан да ол Казахстанға қалдырылуы керек» дегенді айттып, бізді осындей жиын өткізуге мәжбүрледі. Рысқұлов жолдастың енді көзі жеткен шығар, Тәшкеннің кімдікі екені» дегені күні бүгінге дейін есімде. Ол солай дегенде Рысқұлов атып тұрды да, он қолын көтеріп, шулаған өзбектердің дабырын басты. Бәрі тынышталғанда, бір тоқтамай, суга ұқсан ағып кеп берсін. Құдай-ау, неткен білгіш десенші. Сонау көне тарихтан сөз тартып, Тәшкенді ең алғаш тұрғызған қазақтың қаңлы жұртты екенін, сол әлімсақтан мұнда қаңлы мен шанышқылы рулатынын тұрғанын, шаһарға өзбектердің тек Қоқан хандығы кезінде ғана шоғырлана бастағанын, бірақ та, соған қарамастан дәл қазіргі уақытта қалада олардың қазактардан көп еместігін, қайта олардан өзбекше сөйлеуді дағдыға айналдыған Бұқар мен Ходжендтен қоныс аударып келген тәжіктердің мол екенін айтты. Екі-үш ғасыр бұрын бұл қалада қазақтың Төле, Бақташ, Қожамжар билердің билік құрғанын, олармен тенденс ешқандай өзбек билеушілерінің Тәшкен тарихында болмағанын, Тәуекел, Ҳақназар, Абылай сияқты қазақ хандарының осы қала үшін талай ұрыс салғанын, ал керісінше, бірді-бір өзбек ханы бұл шаһарды сырт жаудан қорғамағанын, ондай мәлімет ескі тарихтың бетінде жоқ екенін де дауыстап жеткізді. «Тәшкен қалай өзбектің қаласы болады?

– деді ол тағы сөйлеп. – Егер осы қаладан шығып, қай тарапқа да екі жүз шакырым жүрсек, бірді-бір өзбек ауылын кездестірмейміз. Сонда жан-жағын жүз мындаған қалың қазақ қоршаган Тәшкенде бар-жоғы жиырма мындаған өзбек бар екен деп, оны соларға қалдыру әділеттік пе?! Ондай болса, өзбегі бар екен деп Шымкентті және оның айналасындағы өзбектер шоғырланған Сайрам мен Қарағұлакты да Өзбекстанға береміз бәлкім. Тәшкен түтілі, ылғи қазақтар жайлапан сонау Бегабадқа, Мырзашөлден Жызықтың аргы жағындағы Нұратаға дейінгі жерлерді Өзбекстанға беруге болмайды. Өйткені бұл жерлер әлімсақтан қазақтікі. Ата-бабаларымыз сол жерлер үшін қаншама қан төккен. Өкінішке орай менің білуімше, осынау аймактардың бәрі келешектегі Өзбекстанға тиесілі құсады. Болашақ республикалардың шекарасын айқындаушылар мұндағы өрескел кателіктерден бас тартулары тиіс».

Ол бұдан басқа да қаншама дәлелдерді айттып, ұзак сөйлемі. Сонда жаңа шешенсігөн өзбек дәкейлерінің біреуі қынқ дей алмай қалды. Әлгінде ғана гүлдескен жүрт та тым-тырыс бол, үн шығаруға шамалары болмады. Әлден соң топ ішінен әлдекандай өзбектер топыларын жерге ұрып: «Анаңнин... мина қозок һәммәмизди қотырди. Инде Тошкан бизгэ иок» деп әкіріп жіберді. Аз-кем тыныштықтан кейін бағана бірінші сөйлеген өзбек орнынан тұрды да, төрдегілердің тұра ортасында отырған Мәскеуден келген орысқа сөз берді. Ол кенес саясаты жиында біраз насиҳат айтты да, қолындағы бір парак қағазға үнілді. Онда қаладағы өзбектер мен қазактардың саны туралы жазылған мәлімет бар екен. Қағаздағы мәлімет бойынша, Тәшкен тұрғындарының ширекке ғана жуығы қазақтар екен. Сол үшін де Мәскеудегі орталық комитет Тәшкенді Өзбекстанға өткізуді жөн деп тапқанын жеткізді. Осыны естігендे жаңа ғана ұнжырғылары түсken өзбектер кайтадан айқайласып, қуанғандарынан бір-бірін құшактап, шаттанып кетті. Мен Рысқұловқа көз тастап едім, ол қолын бір сермен, нардан түсіп бара жатыр екен. Солай қарай жүгірдім. Жете бергенімде ол маған бұрылды. Екі көзінен аққан жас дәү көзілдірігінің астынан ағып, бетін жуыпты. Дереу бетін сүртті де, камыға үн қатты: «Садық, қазақ Тәшкеннен айрылды, біз жеңілдік. Сен Шымкентіңе қайта бер. Жиналыстағы әңгімені елге айта баарсың». «Сіз кайтпексіз?» – дедім. «Мен анау кіслермен бірге осы жерден ертең Мәскеуге аттанамын. Қызметім сондағой», – деді. Айтпакшы, сол жинальста онымен қатар отырған қазақтың кім екенін кейін білдім. Ол – Сұлтанбек Қожанов екен».

Мен Кенес үкіметі құламай тұрғанда Ташкенттің мемлекеттік архивіне талай рет кіріп, ондағы қазақ тарихына катысы бар нешеме құжаттарды актарып, қаншасын көшіріп жазып алған адаммын. Тіпті 1998-ші жылға дейін оған еркін кіріп жүрдім. Ал қазір ол архивке кіру акырет. Өзбекстан билігі бөтен елдің



адамдары үшін оның есігін тарс жапкан. Тек екі елдің сыртқы істер министрліктерінің рұқсатымен ғана кіруге болады. Ал ондай рұқсатты алу үшін айлар емес, жылдар керек. Міне, менің сондай рұқсатты күткенімे үш жыл болды. Еш болмаса, тағы екі-үш мәрте кірсем бе деген арманым бар. Сексенінші жылдардың соңында сол архивке бір кіргенімде Ташкент тарихына қатысты жазбаларды ақтарып отырып, жаңағы Садық атам қатысқан жиналыстың орысша жазылған хаттамасын көріп қалдым. Хаттамада сол жиналыста өзбек жағынан Ибрағимовтың, Ходжаевтің, Ахунбабаевтың, ал қазақтар жағынан Рысқұлов пен Қожановтың, орталық комитет өкілі Рудзутактың сөйлеген сөздері бар екен. Хаттамада басқаларға қарағанда Рысқуловтың сөзі көп. Онда бұл мәселеге онша көңіл аудармаушы едім әрі іздел жатқаным Ташкенттің Қоқан заманындағы және төңкеріс алдындағы тарихы болғандықтан, соны сол сәтте көшіріп жазып алуға ниетім болмады. Кейін тағы бір келгенде арнайы қарармын деген ойым болды-ау деймін. Кейін де сол архивке талай кірдім. Бірақ атамыш хаттаманы қараша миыма кірмепті. «Ақымақтың ақылы кеш кіреді» дегендей, қазір сол қателігіме қатты өкініп журмін. Иә, өкінетін нәрсем көп. Бүгінгі қазақ жұрты бейхабар қаншама деректер жатыр онда, егер біреулер оларды жоқ қылып жібермесе. Арманымның бастысы – Құдай қолдан, тағы бір рет сол архивке кірудің сәті түссе, алдымен жаңағы хаттаманы іздестіретін едім.

Әлбетте, мен бұл сөзіммен Ташкентті қазақтарға қайтару керек деген пікір көтермейтінімді оқырман қауым жақсы түсінетін шығар. Бірақ адамзатқа тарих не үшін керек? Өткенді білу үшін қажет. Өткенді ұмытсак, бүгінгі күнде мән жоқ. Мәселен, басқаны айтпағанда, қазір бүкіл әлем біліп отырған Қырым оқиғасын, өздерінше тәуелсіз мемлекет боламыз деп, қаншама қанды қырғынғы себепші болған Луганск мен Донецкін алайық. Олар неше жылдан бері Украинаның менишкіті өлекесі болды. Бүгінде сайқал саясаттың кесірінен одан бөлшектеніп, басқа бір екtem елдің көлтығына тығылып, соның құзырына қарамақшы. Енді жұз жылдан кейінгі үрпак оларды екі-үш ғасыр бойы Украинаның құрамында болғанын ұмытса, аталған өлкелер әлімсактан Ресей жері деп танылса, онда мәртебелі тарихтың шынайылығы қайсы? Ондай билғанған тарих кім үшін керек? Онсыз да, көрші елдердің колдан жасалған тарихы аз емес.

Тағы бір мысал, кейбір өзбек зерттеушілері қазіргі мына шеті – Қызылорда, мына шеті – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарын ұлтмай-қызамай көне өзбек жері деп айтудан танбайды. Аталған өлкелер бір кездері Қоқан мен Хиуахандығына қараған дейді олар. Бірақ олардың бұл жерлерге басқыншылықпен кіріп, уақытша ғана билегенін, орыстар келгенде титтей де қарсылық көрсете алмай,

екі-үш жылдың ішінде осалдықтарынан масқаралары шығып, Оңтүстік Қазақстан түгілі Фергана мен Самарқан төңірегіндегі өз жерлерін де жатқа алдырығандарын ойларына алмайды. Біз жогарыда атаған Мәскеудегі коммунистердің зорлығымен «өз еркімізбен» жанды құжаттар арқылы берген неше мындаған жерлерімізді де казір бір өзбек көне қазак жері деп ойламайды. Ойлайтындары болса, онысын сыртқа шығармайды һәм тән алмайды. Осыны ойлағанда Ташкент тарихы туралы сөз де қозғағың да келмей кетеді кейде. Алайда, өткеннің шындығын баршаға паш етуге міндетті тарих алдындағы пенделік һәм зерттеушілік парыз көкейдегіні сыртқа шығаруға қашан да құмбыл.

Кезінде Рысқұлов сынды қазақ қайраткерлерінің Ташкент үшін таласқа түскенін және өзбектердің ол қаланы өздеріне қалдыру үшін 1924 жылдан бұрын түрлі айла-амалдарға барғанын, одан калса, ондағы қазақтарды зорлықпен өзбек етіп жаздыруға белсene кіріскенін – жел сөз немесе бос әнгіме деп санауға әсте болмас. Мұның түбінде ақиқат жатыр. Жарайды, бұған ауызекі әнгіме ғой деп біреулер сенбес те. Бірақ сол заманың тірі күәгері, тәшкенттіктердің әлгіндей тірлігін көзімен көріп, көрген-білгендерін кітапқа түсірген Асат Сапиев біз жоғарыда атын атаған кітабында бұл туралы былай дейді: «Негізі, Түркістандағы халықтарды ұлттарына қарай әр республикаға бөлу жоспары 1920 жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселе еді. 1922 жылдан бастап бұл әнгіме тіпті өршіп кетті һәм Ташкенттегі қазақ-өзбек басшылары бұл жоспардың түбі іске асатанын анық ұқты. Түркістан үкіметінің басында қебіне қазақтар отырды. Олар бұл жоспар іске аса қалған жағдайда Ташкент Қазақ АКСР-ына беріледі деген сенімде болды һәм оған өзбектер таласа қояды деп еш ойламады. Оған қоса, шаһар тұрғындарының басым бөлігі қазақтар-дүр. Ләkin қазақ басшылары шаһардағы қазақтардың көбісі өзбекше сөйлеп, солардың ғұрпын ұстанатынына назар салмады. Өзбектер болса, 1922-23 жылдары шаһар халқының тізімін жасауға кіріспі, осындаі қазақтардың ұлтын құжатқа өзбек деп жаздыруға кол жеткізді. Қазақтар тұратын кей мәхалләларда тізім жасаушы кісілердің жанында өздерін өзбекпін деп жаздыруға карсы болғандарды корқыту үшін карулы милиционерлер еріп жүрді. Олар қазақтармен қатар қаншама тәжіктерді, құрамаларды, қашғарлық тараншыларды да өзбектер тізіміне қости. Әсіл, мұнда өздерін өзбекпін деп жаздырган ұлттардың да бір кінәсі бар. Олар көпшілік болса да, саны азшылық өзбектердің тілінде сөйлеуге құмар болды. Қарамақайшы һәм түсініксіз нәрсе – бір өзбек қазақша һәм тәжікше сөйлеуге құмар емес. Он қазақ бір өзбекке бола, өзбекше шүлдірлейді. Өзбектер осы жағынан басқаларды ұтып кетті. Одан соң қаладағы ишан-мoldалардың бері өзбекке айналған қожалар. Олар да қазақтардың өзбек болуына көп ықпал жасады.



Айтайын, қазақтарда ру бар. Олар өз руларынан қыз алмайды. Ал өзбектерде ондай салт жоқ. Қыз бен бала бір емшек ембесе болды, бірін-бірі бай, катын қыла береді. Жаңағындай өзбек қожалары құран мен шаринат кітаптарын арқалап келіп, қазақтарға айтады: «Міне, мыналар Алланың кітаптары. Бұл арда мұсылман руға бөлініп қыз алыссын деген аят пен сүре жоқ. Сендер Алланың бұйрығына шәк келтіріп, адасып жүрсіндер. Тура жолға түсем десендер, ру дегенді ұмытындар. Жақсы қыздарың мен балаларың болса, алысқа жібермей, бір-біріне қоса беріндер. Шаригат үкімі солай».

Осындаи насиҳаттарға басы айналған талай қазақ ата дәстүрінен безіп, аталас ағайындарымен қудандаласты. Осыдан кейін ондайлар қалайша қазақпын дер. Қазақтардың өзбекке айналуына бейімдеген тағы бір нәрсе – шаһар тұрмысы. Мәлелен, қазіргі дала қазағы мен шаһар қазағының тұрмысы да, мінез-құлқы да екі түрлі. Ықылымнан шаһар тұрмысына бейімдеу сарт-соғдылықтар қазақтардың ұлттық қалпын өзгертип, өздеріне сініріп жатыр. Осындаи себептер шаһар қазақтарын басқа ұлтқа айналдырды. Солай ұлтын өзгерктендер тізімге өзбекпін деп жаздыруға аса құмбыл болды. 1924 жылы қазақ пен өзбек Ташкентке таласқанда шаһарда өзбектердің көп болуы, осының арқасында өзбектер қалаға ие бол қалуы осындаи кептердің арқасында жүзеге асқан нәрсе-тұғын».

Бұл – ұлты тәжік болса да, өзін өзбекпін деп санауға мәжбүр болған тарихшының жазбасы. Бір өкініштің, шынайы тарих жазылған оның жоғарыда аталған кітабы 1926 жылы небәрі 150 данамен ғана шыққан. Одан да қайғылысы, артынша ол кітап тәркілеуге ұшырап өртелген. Ташкент НКВД-ы өртелген кітаптарды санап отырған. Бірақ 150 кітаптың бәрін жинай алмай, 148-ін өртеген. Аман қалған екі кітаптың біреуінің тағдырын білмеймін, бірі 1991 жылы Ташкентте ойда-жокта қолыма тусти...

Ташкенттің бұрынғы қазақ қаласы екенін дәлелдейтін және бір факті – мынада: Оның көшелерінің, орамдарының, ең акыры бейт-мазарларының атауларына шейін қазақша аталуы. Шаһарды өзбектер билеген ері оған көп шоғырланған уақыт – Коқан хандығының кезінде де өзінде сол атаулар өзгермеген. Атап айтсақ, Бестам, Мыңөрік, Бесагаш, Қекше, Қектерек, Дархан, Күрпік, Сәрке (соңғы ушеуі шанышқылының рулары), Каңлы мәхаллә, Шора (ХҮІІІ ғасырда шанышқылы руының Шора деген байы ашқан базар), Сіргелі, Каракамыс, Албастықөпір, Назарбек. Бәйтіккорған, Құрысай, Қойлық, Ескіжоба, Шаршысу (өзбектер мұны казір Шорсу деп жүр), Салар (Төле би қаздырығын арық), Ниязбекарық (Төле бидің Ниязбек атты баласы ХҮІІІ ғасырдың орта кезінде Шыршықтан шаһарға су тартқан каналы), Жаныстөбе, Тастанбек, Қанлымазар, Арғынмазар, Төле би мазары, Бакташ бейіті, Қекілташ

медресесі (Кіші жүз Байұлынан шыққан Арын деген бай салдырыған)... Иә, қайсыбірін айтарсын, шаһардың ішкі құрылымдарына орай қойылған аттардың бәрі қазақша. Бұлардың бәрі тіпті бүгінгі күнге дейін осылай аталады, бірақ өзбекше транскрипциясымен, яғни бұл атауларды өзбектер өз тілдеріне карай икемдеп алған.

Енді қазіргі Ташкент, оған іргелес Сырдария, Жызак облыстарына қарайтын жер-су аттарына назар салының: Қыбырай, Қарашокы, Тойтөбе, Бекі, Жаңабазар, Жаңажол, Мырзашөл, Нұрат, Қызылоба, Ақкабақ, Жанбай, Қонырат, Жетікент, Теріс, Бектемір, Аққорған, Қөрік, Жартытөбе, Дүрмен, Тұзел, Тілеу, Ортасарай, Шыназ, Жайылма, Алмалық, Шалақазақ, Құлтөбе, Қарамазар, Найман, Сұрым, Құдайқұл, Бағыс, Шыршық, Бозсу, Ақсақата, Шымған... тізе берсөн, мұндай атаулардың мыңын келтіруге болады. Ташкентте болсын, әлгі аталған облыстардың төнірегінде болсын, бірді-бір ескіше өзбекше аталған, өзбекше мағына беретін атауды көрмейсің. Жоғарыдағы атаулардың бәрінің қазақша мағынасы бар, оларды талдасаң, бір кітапқа арқау болатын дүние шығады. Оған қоса, бұл атаулардың көбісі қазақ руларының аттары.

Осы келтірілген деректердің барлығы Ташкент пен оның айналасындағы аймактардың бәрі көнеден қазаққа тиесілі екенін анықтап түрған жоқ па? Иә, қазақ жазғанның қонысы кімге кетпеген... Алайда сондай қоныстардың бөтенге қалай кеткенінің тарихын жазғанымызбен, оларды қайтарып алу мүмкін еместігін біз де жақсы білеміз. Бірақ баста айтқанымдай, тарих болған күйінде айттылмағы ләзім. Оның үстінен тарихтың міндеті – бұрынғы нәрсені орнына қою емес, уақыт шаңына көмілтеген уақығаларға сараптама жасаумен және өткен заманда іске асқан қателіктерді қайталаудаға бағыт көрсетумен шектеледі. Ғасырлар бойы аласапыран заманмен өмір сүрген қазақтың жатқа қонысы ғана емес, намысы да кеткен. Рухы басылып, қалпы да өзгерген. Жоғарыда Асат Сапиев өз кітабында 1925 жылы Өзбекстандағы қазақтардың саны 2,5 миллионға жетеді деп жазғанын келтіріп едік қой. Ол кезде қазағы ең басым Бостандық өнірі (1928 жылы өз алдына аудан болып, алдымен Сырдария округіне, кейін ОҚ облысына кірген), бүгінгі Жызақ облысына жататын Мырзашөл аймағы Қазақ АКСР-ындағы Сырдария губерниясының Ташқазак уезіне қарап кеткен. Демек, Сапиевтің 2,5 миллион деген санына Бостандық пен Мырзашөлдегі қазақтар кірмеген. Сонда 1925 жылы Ташкент пен оның айналасындағы, Самарқанд пен Ферғана маңындағы 2,5 миллион болған қазақ қайда кетті? Олар осы күнге дейін неге өспеген?

Осы жерде ешкендей мұрағат пен құжатқа түспеген, бұрын заман ағымы мен өмір сүрген ортасының ынғайына қарай орын алған, тіпті, қазіргі кезде де, көз алдымызда іске асып жатқан бір құбылыс



туралы сөз етпей кетуге болмас. Ол сөз – намысы жоғалған қазақтардың өзбекке айналып кеткені, айналып жатқаны туралы тәмсіл. Менімен ешкім таласа алmas, егер мен осыдан екі-үш ғасыр бұрынғы өр қазақтың, көкірегі биік қазақтың таудай рухы қазарғ үрпактарында жок десем. Бұл тұжырымым қай жағынан болса да, ақиқатқа сай екеніне күмәнім тағы жок. Дүниеде басқа үлтқа айналып кеткен ұлыстар көп. Мәселен, еврейлер батыс жұрттының қайсысына болса да сіңген. Бірақ олардың өзгелерден бір артықшылығы – тубінің еврей екенін ешқашан ұмыттайды.

Татарлардың, башқұрттардың, чуваштардың, тағы сол сияқты сарылығы мен көздерінің көкшілдігі ұқсас келетін майда үлттардың қаншасы орысқа сінді. Олардың кемшілігі – түптіректерін мүлде ұмытты. Мұндай құбылыс біздің қазақ да тән. Алайда қазақтың орысқа немесе батыс жұрттарының біріне мүлде айналуы үшін үштөрт ғасыр уақыт керек. Себебі адамның бет-пішіні физиологиялық және аралас геннің әсерінен тұртұркы өзгеріске ұшырауы үшін соншама уақыт қажет. Ал қазақтың мұсылман жұрттының біріне, мысалы, өзбек пен тәжікке сінуі оңай.

Қанша жерден жасырып, жаба-тоқығанымызбен, соңғы бір-екі ғасыр ішінде шықкан тегін мүлде ұмытып, өзбекке айналып кеткен казақтардың саны есепсіз. Қазақ өзбекпен қыз беріп, қыз алышса да тіпті, көрші тұрса да өзбек болуға бейім. Бір өзбек отбасы алдымен көрші отырған он қазақ үйінің алдымен тілін алады. Өзбек қазақша сөйлеуге еш ынтықпайды, қайда қазақ сорлы солардың тілімен шулдірлекісі келіп тұрады. Ал тілден айырылған, өз тілінен өзгениң тілін үстем көретін халықтың болашағы жок. Мен осы күндері де әр түрлі шаруамен Өзбекстанға көп барамын. Сонда көрем ғой, қазақтар шоғырланып отырған ауылдардың өзінде ересектердің тіл саптауы өзгеше. Ал жастары бір-бірімен көбіне өзбекше сөйлеседі. «Бұларың қалай?» десем, «Заман солай ғой» деп иықтарын кикандатады. Тағы бір көніл жабырқататын нәрсе – ондағы қазақтардың тілімен қатар түрлери де өзбектерге ұқсан кеткен. Ал Ташкентке іргелес отырған Қойлықтағы, Қыбырайдағы, Сіргелідегі қандастарымызды тек айтарға ғана қазақ.

Бұрын да, көзір де Өзбекстанға барғанда өзбек шалдарымен көп сөйлесем. Сейлесіп отырып, суыртпақташ руын сұраймын. Көпшілігі құжаттарында өзбек болып жазылғанымен, салт-дәстүрі солардікі болғанымен, түптерінің қазақ екенін жасырмайды. Руларын да айтады. Арапарында үш жүздің қай руы жоқ дейсіз. Ал өзбек болуының мәнісін сұрасаң, бірінің шешесі, бірінің көршісі өзбек, бірінің әкесі өзбектенген қазақ. Енді бірі «ортамызға байланысты сартқа кіріктік» дейді. Бұлай деуге еш намыстанбайды, қайта өзбекке айналғандарын мәртебе санайтындарды да кездестірдім. Міне, Сапиев 1925 жылы Өзбекстанда 2,5 миллион бар деп

көрсеткен қазақтардың үрпақтарының сиқы. Сапиев 1925 жылғы деректі келтірген. Ал оның алдында ол жақта қанша миллион қазақ болғаны бір Құдайға ғана аян.

Өзбек халқында өзгелерді өзіне тартатын бір құдірет бар. Соын өткен ғасырларда олардың саны қазақтан әлдеқайда аз болса да, тілдік, салттық дәстүрлерге берік болғаны көрінеді. Және олар тарихта қазақтар сияқты қаһармандық танытпаса да, отбасылық тәрбиеге көп көніл болетін өзара үйимшылдықты қатты ұстанған. Бір жағы – тілдері жүрек елжіретіндегі майда келеді. Дала қазақтарына қарағанда құлықтары да басым. Одан соң қай замандағы басшысы болын, алдымен өзбек мүддесін ойлаған. Қазір де солай. Бүгінде Өзбекстанда үлкен түгілі кішкентай бір мекеменің басшысы қазақ емес. Алда-жалда ондай қазақ басшы табыла қалса, ол түр-түрпаты да, тілі де өзбектенген адам болып шығады. Ол елде өзбек тілі, ғұрпы, мәдениеті, өнері алда жүреді.

Бұл күндері онда қазақ мектептері жылжан-жылға қыскартылу үстінде. Оның үстінде қазақтар тағы бір мол шоғырланған Науай облысы жақтағы жағдайды қайдам, ал Ташкент төңірегінде қазақ тілінде бірде бір колледж немесе институт жок. Өзбекстандағы мектептер тоғызы җылдық қана. Ары қарай балалар өз қалауларына орай колледждерде оқуға міндетті. Ал колледждердегі жағдай анадай. Одан соң орыс мектептерін бітіргендегер өзбек тілінен сынақ тапсыруы катаң түрде жолға қойылған. Міне, кімді болса да, өзбек тіліне үйретудің, оған мұқтаж етіп қоюдың жарқын көрінісі. Содан да, қай үлттың адамы болса да, өзбекше еркін сөйлейтіні. Содан кейін ол елде түрлі үлттардың мәдени орталықтары біздегілерге ұқсан, дандайси алмайды. Бар тірліктерін өзбеки мүддемен байланыстырып аткарады. Біздегі бөтен үлттардың көсемдері сияқты жергілікті халықтың намысын таптайтын сөздерді айтпақ түгілі, олай ойлауға да коркады.

Иә, Өзбекстанда үлттық мәселе алдынғы орында. Бәлкім осындағы кептердің себебінен болар ондағы қазақтардың өзбек этностина кірігіп бара жатқаны. Жә, бұлай десек, өзімізді-өзіміз алдамшы сөзбен жұбатқан болып шығамыз. Өйткені ондағы қазақтар бірнеше ғасыр бойына өзбектерге сіңіп, олардың санын көбейтіп келеді. Бұл процесс Кеңес кезінде де жалғасын тапқан. Тағы бір мысал айтайын: 1887 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы жүргізген санакта осы күнгі Өзбекстан жеріндегі өзбектар саны үш миллионнан сәл-ак асқан. 1927 жылы қазақтар 6 миллион 920 мың болса, өзбектер осы қырық жылдың ішінде төрт миллионға жуық өсіп, 7 миллион 1 мың болған да, жалпы қазақтардың санынан 21 мың адамы артық түсken. 1956 жылы қазақтар 3 миллион 822 мыңға әрең жетсе, өзбектер осы 29 жыл ішінде 6 миллионға көбейіп, 13 миллионды құраган. 1927 жылдан кейін қазақтар санының күрт кеміп кетуіне 1928 жылғы тәркілеу



һәм артынша басталған қолхоздастыру науқаны, 1931-33 жылдар аралығындағы ашаршылық, 1937-38 жылдардағы репрессия, одан қалды, Ұлы Отан соғысы өз зардалтарын қатты тигізді.

1917-18 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағын қамтыған «Жылантақыр» деп аталған алапат жұт өткен. Осы жұт жылдары және жаңа аталған нәубет кезеңдерінде миллиондаған казактар Өзбекстан жеріне ауып барды. Олардың бәрі болмаса да, жарым-жартысы сонда қалып қойып, түрлі себептермен өзбек жұртының қарасын көбейтуге үлес кости. Өз басым ашаршылық жылдары-ақ сонда ауып барған қазақтардың талайының өзбек боп жазылып, сол ұлттың нағыз өкілдері болып жүргенін көрдім. Мениң үшінші атамның інісінен тараган төрт ұл 1932 жылы ашаршылықтан қашып, Ташкент түбіндегі Көктерекке барып жан баққан. Сол төрт ұлдан өрбіген қырық шакты үрпак бұл күнде қырт өзбек. Бірінің қызын бірі алыш қойған. Мен тараган рудың Begalы деген атасынан шашыраған 150 үйдегі бір ауыл ағайын, қазір Бостандық ауданының Қарамазар кентінде түп-түгел өзбек боп отыр.

Айта берсем, мұндай мысалдарды жүзден келтіруге болады. Мұның барлығы нениң себебі? Әлбетте, бір елдің қатал саясатының себебінен емес. Бәлкім ол, біржакты ғана себеп болар. Бастысы, оған себеп – намыссыздықта. Бір жағы – орыстың, бір жағы – қалмактың, бір жағы – Қоқанның, жалпы ел болғалы сыртқы дүшпаниның тепкісін көп көрген қазақтың кейінгі үрпағы тым жалтақтағыш, тым еліктегіш, тым намыссыз, әйтеуір тыныштық болса еken дегенге тым бойұрып, бойқүйез боп кеткен-ау, сірә. Қонақжайлайғы мен акконілдігі өзіне қатер боп тонетінін аңдамайтын аңқау да аңғал боп кеткен бе дерсін. Бәрінен бұрын намыстан жүрдай болған ба дерсін. Әйтпесе бөтен елде тұрып, сол бөтеннің ұлтын қабылдаған қазақтан басқа ұлт бар ма, осы. Жарайды, біз бөтен елдегі жағдайды әңгімеледік. Ал өз елімізде тұрып, өзбекке айналған қазақтар туралы естуініз бар ма? Есітпесеніз, айтайын.

Ғалымдардың пайымдауынша, дүниеде сексуалды гені күшті үш халық бар екен. Олар – еврей, қытай, өзбек екен. Сенбесеніз байқаңызы, қазак қызы осының қайсысына тисе де, қазак баласы осылардың қайсысынан қыз алса да, балалары соларға ұқсан туылады. Басқа жақты қайдам, Оңтүстік Қазақстанда қазақ-өзбек боп жұптасқан жұбайлар көп. Іlude біреулері болмаса, олардан өрбіген үрпактардың бәрі өзбек боп қалыптасады. Оны айтасыз, өзбекке үйленген қазақ жігіт те, өзбекке тұрмысқа шыққан қазақ қыз да екі-үш айда өзбекше шұлдірлеп шыға келеді. Ондайлардың балалары міндettі түрде өзбек мектебіне барады, өзбекше тәрбие алады. Қазақстандағы қазақтардың ортасында тұрып-ақ, талайлар осылайша басқаға айналып жатыр.

1980 жылдары ел-елден шежіре жинап жүргенімде Ленгір ауданына (қазіргі Төле би) қарасты Мәдени

деген ауылда тұратын тоқсанды алқымдаған Дербіс атты қарияға жолыққаным бар-ды. Мәдени – қалың өзбек коныстанған Қарамұрттың түбінде. Сонда Дербіс қария әңгіме арасында: «Мениң бозбала кезімде мына Қарамұртта он бес-ақ үйдегі сарт бар еді. Қазір бұлардың үйлерінің саны жеті жүзден асты. Осылардың бәрі қайдан ғана тез көбейе қалды, болмаса қайдан келе қалды дерсін. Бұл жерге бөтен сарттар көшіп келген жок. Қазақтардың есебінен көбейді олар. Қәнпіс жылдары НКВД-дан қашқан кейбір байлардың қолшоқпарлары осы сарттардың арасына келіп тығылды. Ашаршылық кезінде талай аш қазақтар аштыққа ұшырамаған осылардың панасына дүркін-дүркін келіп, жалданып жан бакты. Солардың бәрі кейін сарттармен аралас-құралас, құдандалы болып, әп-сэтте өзбекке айналып шыға келді. Олардың арасында бір кездері Қарамұртқа таяу отырған мениң де біраз туысқандарым бар. Сарттардың не құдіреті не сиқыры бар екенін білмеймін, әйтеуір көз алдымында неше жүзденеген қазақ сарт боп кетті», – деген-ди.

Сайрам ауданындағы елді-мекендерде отырған өзбектердің көбісінің түбі – қазақ. Осылай деп қарияларының өздері айтады. Мұны жастары да біледі. Сұрасан, түбіміз – Ошақты дейді, Йысты дейді, Сикым дейді... Негізі Қоқан хандығы осы өлкені басқанда 1814-ші, 1842-ші, 1856-шы жылдары сонау Ферғана өңірінен Шымкентке, Сайрамға, Карабұлаққа, Түркістанға, Иқанға, Созакқа, Шолақкорғанға, Әулиеатага өзбектер топтарын уш дүркін көшіріп әкелген. Бұл жайында Қоқан хандығының хаткерлері әдемі жазып кеткен («Қоқан хандығына қатысты жазбалар», тізім, Ферғана меммұрагаты). Хандар әр көште ірі шаһарларға 100, кішірек қалашықтарға 50-60 отбасын жіберіп отырған. Максаттары – қазақ даласын өзбектендіру-тін. Олардың көпшілігі 1864 жылы орыстар Түркістан мен Шымкентті басқанда, Ташкентке қарай қашқан қоқандықтарға ілесіп, ата қоныстарына қайтып кеткен. Осында қалғандары – қазіргі Қазақстанда тұрып жаткан өзбектердің атабабалары.

Міне, солар жергілікті неше мындаған қазақтардың өзбекке айналуына ықпал етті. Қазақстан тәуелсіздік алған жылы талай өзбектер «Аталарымыз – қазақ. Енді өзіміз де қазақ болсақ па дейміз», – деп ауылдық әкімшіліктерге жүтіргені бар-ды. Ленгірмен іргелес Сұлтанрабат ауылында тұратын бір саудагер өзбек сол жылдары: «Біз осы ауылда 90 үй қанлы бармыз» деп, өзі сиқылды бөгдеге айналған ағайындарының шежіресін жинауға кіріскең-ди. Бірақ біздің үкіметтің ұлт саясатына келгенде кеңпейілділік танытатын «акконілділігі» оларды бұлрайларынан тез қайтарған. Бұғандегі олардың бірде-бірі қайтадан қазақ болуға талпынбайды. Қайта өздері сиқылды ұлтын өзгерткендердің санын көбейтуде. Ондайлар «Қазақстанда тұрамыз-ау, сондықтан қазақты сыйлайық, соның тілінде сөйлейік» деп мұлдем



ойламайды. Керек десен, казаққа үстемдік жасағысы келеді.

Аты құллі онтүстікке белгілі Өсерқұл Рыскұлов деген емші болды. Қаракөк түсті кауға сақалды түріне қарасан, баяғы «Өзбекфильм» шығарған басмашылар туралы кинолардың құрбашыларынан аумайтын. Сол кісі өле-әлгенінше: «Мен өзбек емеспін! Менің тұбім – ұлы жұз, сиқым, алакүшік» деп кетті. Сөзінің жаңы бар, Қарамұрттың түбіндегі Қожакент деген ауылдағы өзбектердің бәрі сол рудан. Өздері мойындайды. Бірақ болмыстары бөтен.

Бір Өсерқұл емес, ондайлар толып жатыр. Өмір бойы өзбек бол жазылып, сол ұлттың ғұрпының ұстанып келген түркістандық бір Кеңес одағының батыры өлер алдында: «Өмірден өтерімде мойындан кетейін. Мен казактың баласымын. Менің екінші атам өзбектен қатын алған екен. Содан әuletіміздің бәрі өзбек бол кетіпти. Мені жерлегендегі қазақы салтпен жерлендер», – деп жүртқа жар салған. Сол Түркістанда, бергі Сайрам мен Қарабұлақта, Шымкент пен оның жан-жағындағы елді-мекендерде тубі қазақ неше мындағын өзбек өмір сүруде. Оларды енді өз ұлттарына карай бейімдеу мүмкін емес.

Осындағы құбылыстарға кім кінәлі? Әрине, намысын жоғалтқан, ұлтын сатқан, екіжүзді, рухсыз қазактың өзі айыпты. Өзбекстанда тұратын қазактардың еңбектеген баласынан еңкейген көрісіне дейін өзбекше таза сөйлейді. Ал біздегі іlude біреуі болмаса, бір өзбек қазақша сөйлеуге ынталы емес, Қайта өз жерімізде тұрсақ та, базбір қандастар оларға өзбекше сөз қатуға әуес. Бұл не? Жағымпаздық па, әлде рухсыздық па?! Жасыратыны жоқ, осы үшін талай қазактармен ренжістім де. Алайда одан нәтиже шығаратын бауырлар болсашы.

Біреулер айтады: «Өзбекстандағы қазактар сол жақта тұрып жатқан соң, өзбек болуға мәжбүр де» деп. Солай-ақ болсын. Сонда біздің жердегі өзбектер неге қазақ болмайды? Керісінше, жергілікті қазактарды өз ұлттарына айналдырып жатыр. Егер тәуелсіздік алмағанымызда бұл процесс үдей беретін еді. Егемендік келген соң бұл құбылыс біраз саябырыйын деді. Және бір көзім жеткен нәрсе – тәуелсіздік тағы он бес-жырма жылға кешіккенде Сарыагаш, Келес, Жетісай аудандарының Ташкентке жақын ауылдарында тұратын қазактардың дерлігі қып-қызыл өзбекше сөйлеуге көштінде ме еді? Өйткені аталған ауылдардың тұргындарының тілдері әбден шұбарланып қалған. Одан соң Қазақстанға жел айдал келген түріктер, шешендер, өзбектер, т.б. қай ұлт болса да, өмірі қазаққа үксамайды, өз келбеттерін жоймайды, Ал біз болсақ... Осыған ғұмыр бойына таңданып келемін.

Өзбектер тәуелсіздік алғанымыздан бері де түрлі айла-шарғымен қанша жерімізді алып койды. Бұрын Ташкент түбіндегі шекара қазір Келес өзенінің жағасына, Шымкент-Ташкент тас жолының бойына, ілкіде қазақ жайылымы болған Өтемнің Тұрбат

асуының үстіне дейін жылжытылған. Бұл жерлерді оларға кім берді, өзбектер неге сонша басынды, жауап беретін біреу табылсайшы. Оқтын-оқтын шекараның аржағынан оқ атып, қазақтарды өлтіріп, жарапал жатқандарына да тиісті карсылық көрсеткен бір басшы болсайшы бізде...

Біздің биліктің бір кемшілігі – кірмелерге жандары ашығыш-ақ. Қазаққа берілмеген еркіндікті соларға бергіш. Қазак пен өзбек төбелесіп қалса, кінәні қазақтан іздейді. Эрі солардың тірлігін қазақтарға үлгі етіп, айтқыш-ақ. Бірақ қолында билігі барлар Қазақстанда өздерінің билікке жетіп, мығым отыруы да, елде тыныштық болып, берекелі дәүренинің жүріп жатқаны да, қазақтың арқасы екенін білмейді немесе ойлауға өрелері жетпейді.

Кінә қоймаңыз, оқырман, біраз ашы ақиқаттың бетін аштым. Ақиқатында Қазақстанның өзбекке айналған төл перзенттерін енді қанша шу-дабыра көтерсек те, қайтып қандас ете алмаймыз. Ташкентке де, өзбекке откен басқа жерлерге де, бұдан былай таласа алмаймыз. Тек енді алдағы уақыттарда ұлттық наымыска берік болсақ деймін. Бір өкініштісі – осы жазбаны ұлтын сатқандар оқымайды ғой. Бәлкім оқитындары да табылар. Әйтеуір кімге болса да, осы мақала ой сала алса – жақсы.

Қазақстандағы тазасы болсын, кіrmесі болсын, өздерін өзбекпін деп жүргендер ешқашан сол ұлттық қалыптарынан өзгермейді. Ал Өзбекстанда қазір тұрып жатқан қазактар жылдар өткен сайын бір кездері басқаға айналған баяғы бабаларындағы өзбек этносын қабылдап, сол ұлтка кірігіп бара жатыр. Белгілі демограф М.Тәтімовтың қайбер жылы «Өзбекстандағы қазактардың 500 мындағы өзбек этносын қабылдауға бейім тұр» деп жазғаны шындықтың нақ өзі.

Айтпақшы, 1960 жылдары Өзбекстанда 1,5 миллиондай қазактар бар деген мәлімет таратылған. Содан бергі елу жылдан аса уақыт өтсе де ондағы қазактардың саны әлі – 1,5 миллион. Бұл не қылған өспейтін, не өшпейтін (куйінген соң айтам да) катып қалған сан?! Жауап айттар біреу табылар ма?..

